



Өмірді сақтандыру нарығына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2025 жылдың нәтижесі



Кезеңнің негізгі үрдістері

- Өмірді сақтандыру нарығы 2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштердің өсу қарқыны жағынан көшбасшылығын сақтап, қаржы нарығындағы ең қарқынды дамып келе жатқан сегменттердің бірі деген мәртебесін тағы да растады.
- Өмірді сақтандыру компанияларының (ӨСК) активтері Т2,2 трлн-ға дейін өсіп, Т565 млрд немесе +33,7% артты және сақтандыру нарығының 57,3%-ын (2024 жылы – 53,7%) құрады. Бұл өнім желісінің кеңеюі және жинақтаушы мен инвестициялық өнімдерге сұраныстың артуымен байланысты.
- 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша активтер құрылымының 84%-ы немесе Т1,9 трлн қор нарығындағы қолайлы динамика аясында бағалы қағаздарға тиесілі болды (+Т457 млрд). Одан кейін ақшалай қаражат пен орналастырылған салымдар – 8% немесе Т178 млрд (+Т84 млрд), сондай-ақ кері РЕПО операциялары – 5% немесе Т115 млрд (+Т23 млрд) тұр. Бұл бағыттардың өсуі жүйедегі пайыздық мөлшерлемелердің артуымен және «қысқа мерзімді» өтімділікті басқару мен ағымдағы қызметті қолдау қажеттілігімен байланысты болды.
- Активтердің өсуі сақтандыру міндеттемелерінің Т1,7 трлн-ға дейін (+Т412 млрд немесе 33,3%) ұлғаюымен қатар жүрді. Бұған күтілетін ақшалай ағындардың ең үздік бағалауының артуы (+Т311 млрд немесе 42,2%) және сақтандыру шартында көзделген қызметтер үшін маржаның өсуі (+Т68 млрд немесе 14,4%) негізгі фактор болды. Бұл көрсеткіштер шарттар портфелінің кеңеюін (+6,1%, 564 мыңға дейін) және сақтандыру компаниялары міндеттемелерінің орташа мерзімділігі біртіндеп ұзарып жатқанын көрсетеді.
- Осы тұрғыда сектор ұзақ мерзімді ресурстарды жинақтау және оларды бағалы қағаздар нарығы арқылы қаржы жүйесіне қайта бөлу жолымен институттық инвестор функциясын орындауды жалғастыруда.

- 2025 жылдың қорытындысы бойынша сақтандыру міндеттемелерінің активтерге қатысы 75,3%-ды құрады (бұған дейін – 76,4%). Бұл теңгерімді баланс құрылымының, өтімділіктің қолайлы деңгейінің және сектор тұрақтылығының сақталуын көрсетеді.
- Сонымен қатар, 2025 жылдағы сақтандыру сыйақыларының көлемі қалыпты өсім (+Т104 млрд немесе 10,7%) көрсетті. Бұған негізінен жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша сыйақылар көлемінің азаюы (-26% немесе -Т35 млрд) себеп болды. Бұл, өткен жылғы жоғары база әсерімен және бөлшек несиелеу белсенділігінің айтарлықтай баяулауымен байланысты болуы мүмкін.
- Алайда, аннуитеттік сақтандыру бойынша сыйақылардың өсуі (+15% немесе Т67 млрд), бірлескен аннуитетті енгізу және оны жеке категориядағы тұлғалар үшін қолжетімділікті арттырумен байланысты, сондай-ақ өмірді сақтандыру бойынша сыйақылардың өсуі (+24% немесе Т57 млрд) клиенттерді қамтудың артуы және өнімді белсенді насихаттау нәтижесінде жалпы жинақтарды қолдап отырды.
- Сақтандыру төлемдері қарқынды өсім көрсетті (+40% немесе +Т44,5 млрд), бұл жинақтаушы және аннуитеттік өнімдер портфелінің табиғи кемелденуімен, сондай-ақ орын алған сақтандыру жағдайлары санының артуымен байланысты. Төлемдердің негізгі драйверлері ретінде аннуитеттік сақтандыру (+Т36 млрд), өмірді сақтандыру (+Т7,0 млрд) және жазатайым оқиғалардан сақтандыру (+Т1,3 млрд) қалып отыр.
- Төлемдердің озу қарқынымен өсуіне қарамастан, таза пайда 44%-ға ұлғайып, Т209 млрд-қа жетті. Бұған сақтандыру түсімінің өсуі (+Т25 млрд), инвестициялық кірістің (+Т23 млрд) және қаржылық активтермен операциялардың (+Т9 млрд) оң динамикасы, сондай-ақ операциялық шығыстарды (аквизициялық, жалпы және әкімшілік шығыстарды) оңтайландыру ықпал етті.
- Нәтижесінде өмірді сақтандыру компанияларының (ӨСК) жиынтық капиталы Т355 млрд-қа (+Т56 млрд) дейін өсті, ал сектор табыстылығы 31,5%-ға дейін жақсарды (2024 жылдың қорытындысы бойынша 28,2% болған).




Сектордың баланстық (реттеушілік) көрсеткіштері




Сектордың активтері мен міндеттемелерінің құрылымы

Сектор активтерінің құрылымы, млрд теңге




Сектор міндеттемелерінің құрылымы, млрд теңге




Төлемдердің сыйақыларға қатынасы

Төлемдердің сыйлықақыларға қатынасы, млрд теңге




Сақтандыру компаниялары бөлінісінде, млрд теңге




Сыйлықақылар мен төлемдер

Сақтандыру кластары бойынша, млрд теңге



2025 ж. сыйлықақы мен төлемнің нысаналы мақсаты




Өмірді сақтандыру нарығының кірістері мен шығыстары


2025 ж. үшін кірістер мен шығыстардың құрылымы, %



Таза пайда, млрд теңге



Капиталдың орташа өлшенген кірістілігі (RoE)



* 4 ҚЕХС сәйкес құрылған

Кезеңнің қысқаша қорытындысы

2025 жылдың қорытындысы бойынша өмірді сақтандыру секторы тұрақты екі таңбалы оң динамиканың сақталғанын көрсетті, алайда өсу құрылымы біртіндеп өзгеруде.

Активтердің кеңеюі (+34%), сақтандыру міндеттемелерінің ұлғаюы (+33%) және пайданың артуы (+44%) сыйақылар өсімі қарқынының баяулауымен (+11%) және сақтандыру төлемдері өсімінің озыңқы болуымен (+40%) қатар жүрді. Бұл нарықтың бұрын қалыптасқан ұзақмерзімді шарттар портфелінің біртіндеп кемелдену кезеңіне өткенін көрсетеді.

Соған қарамастан, аннуитеттік және ұзақмерзімді жинақтаушы өнімдердің ӨСК саласының негізгі драйвері ретінде біртіндеп орнығуы сақтандыру компанияларының институционалдық инвестор ретіндегі рөлін және қаржы жүйесі үшін ұзақмерзімді ресурстар көзі ретіндегі маңызын арттыра түседі.

2025 жылы ӨСК нарығындағы сақтандыру сыйақыларының жартысынан астамы ұзақмерзімді сақтандыру бағдарламаларына тиесілі болды. Атап айтқанда, ӨСК нарығындағы сақтандыру сыйақыларының 48,3%-ы зейнетақы аннуитеттері қалыптастырса, ал 9,2%-ы өмірді ерікті жинақтаушы сақтандыруға тиесілі болды.

Бұл нарық құрылымының ақша ағындары неғұрлым болжамды және инвестициялық көкжиегі ұзақ болатын мерзімді өнімдерге қарай одан әрі ығысып жатқанын көрсетеді. Мұндай жағдайда сектордың қаржылық нәтижелері үшін активтерді басқару тиімділігі және инвестициялық стратегиялардың теңгерімділігінің маңызы арта түседі.

Қазіргі серпін активтерді басқарудың тиімділігі сақталып отырғанын көрсетеді. Бұл сектор табыстылығының бір жыл бұрынғы 28,2%-бен салыстырғанда 31,5%-ға дейін өсуімен дәлелденеді. Бұл ретте барлық өмірді сақтандыру компаниялары (ӨСК) жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтады.